

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНЫП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Айтуаров М.А.

В статье раскрывается сущность творческого урока по применению инновационных технологий в общеобразовательной школе, а также говорится о роли творческого задания в процессе обучения.

The article reveals the essence of the creative lesson on the application of innovative technology in the school of creative tasks in the learning process in the article.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Қазіргі мектептердің, біріншіден, тәжірибелік қызметінде жинақталған барлық игіліктердің сақталуы, екіншіден, қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру, еліміздің материалдық-қаржылық ресурстарын әрі қарай дамытатын адам тәрбиелеу, орта білім жүйесін одан әрі дамытып жұмылдыру міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибе, жаңа қарым-қатынас жасаулары қажет», - деп атап көрсетілуі мұғалімнің іс-әрекетінде жаңа бағыт сілтейді [1].

Білім беру үрдісін жаңа инновациялық технологиялармен толықтырып, оқытудың жаңа бағыттарын іздестіру, ақпараттық, мультимедиялық, интерактивтік, ізгілендіру, оза оқыту, модульдік оқыту, RWCT т.б. технологияларды тиімді пайдалана білуді қалыптастыру қазіргі күннің негізгі мәселесі болып отыр. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

М.В.Кларин оқу үрдісіндегі инновациялық және дәстүрлі технологияларды талдай отырып, «инновация» ұғымы жаңалықтарды жасау мен таратуға ғана қатысты емес, сондай-ақ іс-әрекет салтындағы жаңа құрылымдарға, өзгерістерге және ойлау стиліне қатысты екендігін көрсетеді. «Оқушылардың бойында шығармашылық және сындарлы ойлау, оқу-зерттеу іс-әрекетінің тәжірибесі мен аспаптары, рөлдік және имитациялық модельдеуді қалыптастыру негізіндегі жаңа тәжірибені меңгеру мүмкіндіктерін дамыту – инновациялық әдістің мақсаты болып табылады. Оқу іздестіру, зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру ретінде оқыту моделін, шығармашылық пікірталас, пікірлермен белсенді алмасуды ұйымдастыру ретіндегі оқыту моделін әзірлеу осы бағытпен байланысты болып келеді» [2].

Инновациялық білім беру технологияларының көптүрлілігі мұғалімнің оларды дұрыс таңдап алуының өлшемдерін айқындауды талап етеді. Көрнекті Қазақстандық ғалым Н. Д. Хмель мынадай өлшемдерді бөліп көрсетеді:

- ойдың тұжырымдамалық негізінің болуы;
- технологияны жасаушылардың тиянақты әдіснамалық ұстанымының болуы;
- нақты педагогикалық құбылысқа қатынастың жүйелілігі;
- технологияда педагогикалық үрдістің екі жақты сипатының бейнеленуі;
- педагогикалық үрдіс субъектілерінің орны мен өзара әрекетін анықтау;
- алынған нәтижелерге диагностика жасау мүмкінділігі;
- технологияның кез келген оқу-тәрбие мекемелерінің жұмыс жағдайында қайта жаңғыртылуы.

Инновациялық технологияның кейбіріне мазмұндық сипаттама беріп көрейік.

Оқытуды дербестендіру бойынша И. Уит: өзіндік жұмыс үшін дербес оқу тапсырмалары, баспа оқу дәптерлері, дербес оқу тапсырмаларын орындауға басшылық ету, А. С. Границкая: сабақты ерекше сызықты емес түрде құру: бірінші бөлім – барлығын оқыту, екінші бөлім – екі параллельді үрдісті қамтиды: оқушылардың өзіндік жұмысы және мұғалімнің жекелеген оқушымен дербес жұмысы. Тірек схемаларын пайдалану, жұппен жұмыс істеу, бейімделген көп деңгейлі тапсырмаларды орындау іске асырылады.

В. Д. Шадриков: әрбір оқушының қабілетіне қарай оқытуды көздейтін 6 деңгей үшін оқу жоспары, бағдарламасы және әдістемелік құралдар жасалған. Қиындықтың 6 деңгейі барлық оқытуды қамтып, әрбір оқушының қабілетіне қарай бейімдеу арқылы оқу үрдісін ұйымдастыруды көздейді.

Тиімді сабақтар жүйесінде негізделген технология бойынша, жоғары өнімді, өзіндік ақыл-ой белсенділігі мен танымдық қызығушылықты қамтамасыз етуді, уақытты тиімді пайдалануды, әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануды, өз-өзін басқару механизмдерін қалыптастыру мен дамытуда, білім, білік, дағдылардың көлемі мен беріктігін тұжырымдайды.

А.А.Окунев сабақ жүйесінің мына төмендегі ретпен қарастырады:

- оқушылар материалды еске түсіруді үйрететін сабақтар;
- қолайлы шешімдерді іздейтін сабақтар;
- мәліметтерді салыстыру арқылы нәтижелерді тексеру сабақтары;
- шығармашылық талап етілетін өзіндік жұмыс сабақтары;
- түсіндірмелі материал бойынша өзіндік жұмыс сабақтары;
- бұрынғы өткен материал бойынша сабақтар, білімді жаңа көзқарас тұрғысынан қарастырылады;
- «бенефис» сабағы;
- Геометриялық материал бойынша зертханалық жұмыстар;
- Ауызша бақылау жұмыс сабағы;
- Сабақ-сынақ, (тақырып және қорытынды). Дәстірлі емес сабақ технологияларына интеграциялық, сайыс, ойын т. с. с. жатқызылады.

В. В. Фирсов бойынша міндетті нәтижелер негізінде деңгейлік саралап оқыту технологиясы:

- міндетті деңгей, яғни әрбір оқушы қол жеткізе алатын жалпы білім;

- мүмкіндік деңгейі, яғни әрбір оқушының қызығушылығына, қабілетіне және еңбексүйгіштігіне қарай мектеп қамтамасыз етуі қажет білім.

Шет тілі мәдениетіне коммуникативті оқыту технологиясы бойынша шет тілін қарым-қатынас жасау арқылы үйрену, сөйлеуге бағытталу, оқу үрдісінде жағдаяттарды қолдану, рольдік тұрғыдан ұйымдастыру бағыты қарастырылады. Сөйлем жағдаяттарының, оқу материалының сабақтың жаңа сипат алуы, қарым-қатынас тұлғаға бағдарлануы, ұжымдық өзара әрекет ету, білім мазмұнын модельдеу басты назарда болады. Сыныпшілік (деңгейлік) саралау технологиясы. Сабақтар кезектесіп келетін 5 типтен құралады:

- тақырыпты жалпы талдау сабақтары;
- оқу материалын терең талдау
- қорытынды және білімді жүйелеу сабақтары;
- материалды пәнаралық қорытындылау сабақтары;
- тәжірибелік сабақтары.

Оза оқыту технологиясы. Оза оқыту – бұл қарапайым кәдімгі тақырыптық бағдарлама тізбегіне көмекші құрал. Мұнда жаңа тақырып оқу бағдарламасында берілген уақыттан бұрын әр сабақта қысқаша түсіндіріліп отырылады. Бұл толықтыру уақытты үнемдеу және оқушыларды үнемі жаттықтыру арқылы жаңа материалды тез игеруге жол ашады.

Мұғалім сабақты шығармашылық тапсырмалар беру арқылы ұйымдастыра отырып, бала бойындағы белгісіз, жасырын жатқан шығармашылық бастамасын аша білуге, өзін-өзі тануға байланысты алғашқы кадамдар жасауға көмектесуге ұмтылу қажет. Осыдан дамытушылық оқушыны сабағында шығармашылық тапсырмалар арқылы оқытудың өзі де, қандай бір жағымды жаңалықты тудыратыны сөзсіз.

Оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды пайдаланып, оқушыларды шығармашылық тапсырмалар арқылы оқытудың маңызы зор. Әсіресе, интерактивті оқыту технологиясын қолдануда, интерактивті тақтаны пайдалану арқылы шығармашылық тапсырмалармен жұмыс жүргізудің тиімділігі іс жүзінде дәлелденуде. Олай болса, инновациялық технологиялардың бірі интерактивті оқыту технологиясына тоқталатын болсақ. Интерактивті оқытудың түбірі – интер ағылшын тілінің “inter” аралық “act” әрекет ету деген сөзінен енген. Оқытудың бұл түрін өзара әрекеттесуге негізделген оқыту деуге болады. Мұғаліммен оқушылар білесіп оқи отырып, субъект-субъект ретінде болады.

Интерактивті оқыту технологиясы:

1) жұптасып жұмыс істеу; 2) ротациялық (ауыспалы) үштік; 3) карусель – айналмақ; 4) шағын топтармен жұмыс; 5) аквариум; 6) аяқталмаған сөйлем; 7) миландыру (мозговой шторм); 8) броуындық қозғалыс; 9) есептеу ағашы (дерево решений) 10) өз атынан сот (суд от своего имени); 11) азаматтық тыңдау; 12) рольдік ойын; 13) сығымдау әдісі; 14) өз позицияңды ұстан; 15) дискуссия; 16) дебат сияқты түрлері қолданылады.

Интерактивті оқыту технологиясының аса көп мөлшері белгілі. Әр ұстаз өз бетінше сыныппен жұмыстың жаңа формаларын ойлап таба алады.

Оқушылар бір-біріне сұрақ қойып және оған жауап беруді үйрететін, жұптасып жұмыс істеу әдісін сабақтарда жиі қолданады. [3].

Қорытынды

Жоғарыда айтылған мәселерді қорытындылайтын болсақ: Оқушыларды шығармашылық тапсырмалар арқылы оқытуда, жаңа инновациялық технологияларды қолдану олардың шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға жол ашады. Оқытудың шығармашылық сипатын күшейту арқылы баланың қабілетінің дамуына жүйелі түрде ықпал ету қажет.

Оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды пайдаланып, жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушының ерекшелігін ескеріп, шығармашылық тапсырмалар беру арқылы, шығармашыл, сындарлы ойлай білетін, проблеманы өз бетінше шешуге және бәсекеге қабілетті азамат дайындау – басты міндеттердің бірі.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан республикасы «Білім туралы» заңы. – Астана 2007. – 27 шілде.
2. Кларин М. В. Педагогическая технология в учебном процессе. Анализ зарубежного опыта. – Москва: Знание. 1989.
3. Суворова Н. Интерактивное обучение: Новые подходы // Учитель. – 2005. - №1. – 47 с.